

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 911 және 1999 жылғы 30 шілдедегі N 1084 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 сәуір N 509

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы және Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 911 P990911_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 291-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:
реттік нөмірі 31-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған Бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 шілдедегі N 1084 P991084_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж.,

N 39, 340-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған Бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарында:

реттік нөмірі 2.1.9, 2.1.10, 2.1.11-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ